

УДК 316.7

## АНДАЛУСИЯДАҒЫ ТІЛ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДЕБИЕТКЕ ӘСЕРІ

**Зүлфайдар Мұхаммед Ардақұлы**

mukhammed.zulfaidar@gmail.com

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті,

Шығыстану мамандығының 2-курс студенті

Ғылыми жетекші – Ильясова З.С.

VII және VIII ғасырдың екінші жартысында Аравия түбегінде Араб халифаты атты алпауыт мемлекет бой түзеді. Аз уақыттың ішінде халифаттың территориясы Солтүстік Африкаға, Шам өлкесі, Мысыр, Орта Азия, тіпті Еуропаға дейін созылды.

Бастапқы исламның тарихы Арабиямен, мұсылмандар үшін екі қасиетті хиджаза қалалары – Мекке мен Мединанмен (Ясриб) байланысты, онда Мұхаммед пайғамбардың өмірі өтті. 630 жылға қарай жаңа дінді қабылдағандарды Мұхаммед пайғамбар қол астына тез біріктіре алды. Алайда, пайғамбар қайтыс болғаннан кейін Таяу және Орта Шығысқа, өркениеттің орталығы Сирияға, содан кейін Иракқа жаулаушылықтар жасалынды. 635 жылы Дамаск, 637 жылы Ктесифон және Сиро – Финикия қалалары алынды, 638 жылы Иерусалим. 640 жылы арабтар Мысырға кірді, екі жылдан кейін Александрияны басып алды, сондай-ақ Сасанидтік империяны түпкілікті жеңгеннен кейін Рей (Тегеран), Казвин және Армения астанасы Двин арабтардың қол астына өтті. [1, 1 б]

711 жылы атақты қолбасшы Тариқ ибн Зияд Гибралтар бұғазымен өтіп, Пиреней түбегіне жорықтар жасады. Португал тарихнамасында бұл басқыншылар *mouros*, сөзбе-сөз маврлар деп аталады. [2, 107 бет] Маврлар дегеніміз Солтүстік Африканың мұсылмандары: халифаттың элитасын құрайтын арабтар (халықтың 30-40%) және берберлер (халықтың 5-10%), бербер тілінде сөйлейтін және араб тілін ресми жағдайларда қолданған жалдамалы жауынгерлер мен мұсылман мемлекеттік аппаратының шенеуніктері еді.

718 жылға қарай қазіргі Португалия, Испания аумағы толығымен жаулап алынды. Орта ғасырларда (711-1492) мұсылман билігінің уақытында жаулап алынған Иберия түбегі эл-Андалус деген атпен белгілі болды. Эл-Андалус (Иберей түбегі) немесе Араб Батысы бүкіл Еуропаға білім, ғылым және мәдениеттің орталығы болды.

750 жылы Аббасидтік төңкерістен аман қалған Абд Ар-Рахман I Омейяд халифатының қол астында болған эл-Андалус жеріне қашып келіп, жергілікті әмірлікте төңкеріс жасады. Осылайша, эл-Андалус жерінде күллі әлемге әйгілі Кордова халифаты (756-1031) бой түзеді.

Ғасырлар бойы Солтүстік Африка мен Батыс Азияның көптеген халықтарының дәстүрлерін сіңірген Араб, дәлірек айтқанда араб-мұсылман мәдениетінің көрінісі Испанияның оңтүстігінде ғана емес, Иберия түбегінің барлық аймақтарында көрінді. Эл-Андалус өркениетінің көріністерін бүгінде мавритандық кварталдардың тар көшелерінде - "морериас", халықтық ырғақтар мен әуендерде (фламенко, хота және т. б.), халық

тағамдарының дәмдеуіштерінде, Арабия, Сирия, Персия, Египет және Мағриб диалектілерінен жергілікті тілге енген қосындылардан табуға болады.[3, 94 б]

Сегіз ғасыр бойы (VIII – XV ғғ.) Андалусия өркениетаралық байланыстардың және үш "авраамиялық" діндерінің (христиан, ислам және иудаизм) орталығы ретінде дамыды. Андалусиядағы мұсылман мәдениетінің дамуына парсылар, гректер, түркілер, еврейлер, берберлер мен араб тілінде сөйлейтін халықтар үлкен үлес қосты. [4, 401 б] Бұл орта ғасырлардан бастап бүгінгі күнге дейін елдің мәдени эволюциясының векторын анықтайтыны сөзсіз.

Қазіргі испандықтардың би ырғағы мен әуендері, шопандар мен ағаш ұсталары, теңізшілер мен құрылысшылар, дәрігерлер қолданатын араб терминдері Андалусия мәдениетінен сыр шертеді.

Араб мәдениетінің Пиреней түбегіне әсері біркелкі болмағанымен (оңтүстікте әсері көп болды), үлкен маңыздылыққа ие болды. Інжір, күріш, цитрус жемістерінің (апельсин және лимон) өсірілуі, түрлі суару техникаларының қолданылуы, барлық жерде диірмендер салына бастауы араб-мұсылман мәдениетінің белгісі. Сонымен қатар, араб-мұсылман мәдениеті ғылым-білімде, сәулет өнерінде, әдебиет, өнер, дін істерінде айқын көрініс тапты. [2, 107 б]

Арабтар исламды Еуропада бейбіт түрде таратқанды. Исламды ешкім мәжбүрлі түрде қабылдаған емес. Бұның астарында саяси себептерде бар: жаулап алынған халықтарды күштеп ислам дініне кіргізіп, зорлық-зомбылық жасау халифаттың ішіндегі дүмпулерге әкеліп, мемлекеттің құлауына түрткі болуы мүмкін еді. Сонымен қатар, мұсылмандар христиандар мен иудейлерді «Кітап иелері - бізбен тең құқылы», деп танып, оларға толеранатты көзқарас ұстанды. Халифат заңды түрде басқа діни-сенімдерді ұстануға еш қарсылық танытпады, тек өзге дін өкілдері арнайы «джизье» деп аталатын салық төлеп тұруы тиіс болды. [4, 401 б]

**Андалусиядағы лингвистикалық ерекшеліктерге тоқталатын болсақ.** Білім алу барлық дін, ұлт өкілдеріне қолжетімді болды. X ғасырдың аяғында Кордова қаласында 27 мектеп оқушыларға білім берді және сауатты болу басқа Еуропадағы елдерге қарағанда, Андалусияда әдеттегі құбылыс болғаны анық. Халиф Абд ар-Рахман III тұсында Кордова қаласында 1 миллион тұрғын, 1600 мешіт, 900 қоғамдық монша, 400,000 томдық кітабы бар кітапхана болған. [7, 6 б]

Әрине, мектеп-медреселерде сабақ араб тілінде жүргізілді. Өйткені, кей халықтар (еврейлер, роман тайпалары) өз діндерін сақтап, тез арада араб тілін, мұсылман киімдерін және дәстүрлерін қабылдады. Кордова епископы Альваро IX ғасырдың ортасында өз еңбегінде «жастар латын тілін мүлдем ұмытып кеткенін, діни мәтіндерді оқымайтынын және латын тіліндегі шығарманы оқитын мыңнан бір адамның табылмайтынын жазған. Керісінше, араб тілінде әдеби, жоғары деңгейде сөйлейтін, арабтардан артық өлең жазатынын адамдардан саны шексіз екенін келтірген». Бұл мұсылман мәдениетінің Батыс Еуропаға енуінің анық көрінісі еді. X ғасырдың өзінде Інжіл және басқа канондық мәтіндер христиандар оқи алуы үшін араб тіліне аударыла бастады. Мұсылмандық Испанияның ресми тілі «фусха» (әдеби араб тілі) болса, классикалық латын тілі католик шіркеуінің тілі ретінде сақталды. Күнделікті өмірде халық латын, басқа да еуропалық тілдермен араласқан араб тілінің диалектісінде сөйледі.

Алайда, арабтар жаулап алған Бежа, Лиссабон, Сантарен, Коимбра сияқты қала орталықтары роман халықының өкілдері роман диалектілерін қолданды. Роман халқы мосарабтар (moçárabes) яғни "арабтарға бағынатындар" деп аталды. Бірақ, мосарабтар (moçárabes) екі тілде де еркін сөйледі. Осылайша, орталық және оңтүстік аймақтардағы

социолингвистикалық жағдайды диглоссия деп сипаттауға болады, араб тілі "жоғары" тіл деп есептелінсе, жергілікті диалектілер күнделікті өмірде қолданылды. [2, 110 б]

**Андалусиядағы әдебиет өзіндік бағытпен дамыды.** Сауда мен мәдениеттің ірі орталығы болған Кордова әдебиет пен ғылым жағынан тек Бағдат пен Каирдың жазушы, ақын, ғалымдарынан ғана қалысқан. Андалусия бір орталыққа бағынып, қарыштап дами бастаған тұсы «Араб Шығысында» әдебиет пен ғылымның кемеліне жеткен тұсына парпар келген еді. Бұл Андалусияға Каир, Бағдад, Дамаск, Мекке, Медине қалаларынан әдебиетші, жазушы, ғалымдардың ағылып келіп жатқан кезі болатын.

Испанияның халифалары мен әміршілері аббастықтарға ұқсағысы, тіпті бақталасқысы да келген. Олар Испанияның көптеген қалаларын Машриқтағы шаһарлар атымен Гранаданы – Дамаск, Севильяны – Хомс, Әбу Галиб әл-Андалуси атты ақынды – Әбу Таммам, ибн Зайдунды – әл-Бухтури, ибн Ханиді – әл-Мутанабби деп атаған. Сөйтіп араб дүниесінің Батысы мен Шығысы тығыз байланыста болған. [5, 163 б]

Каир, Бағдад, Дамаск сынды өлкелерден келген ақын-шайырлар, жазушылар жат жерді менсінбей, үйреншікті өлең, қара сөз құрастыру методикаларынан аспаған. Жергілікті халықты Шығыстан өнеге алуға, білім үйренуге шақырып, бұрынғы стильде еңбектер жазған. Нәтижесінде, Шығыстағыдай бақталастық, бәсекелестік жоқтығынан алға жылжу көрінбеді. Міне, бұл уақыт Андалусия әдебиетінің тарихында «еліктеу» кезеңі деген атпен белгілі. Себебі, ақын-жазушылар шығармаларын Дамаск, Каир, Бағдадтық шайырларға тек еліктеп қана жазған.

Андалусия әдебиеті Х ғасырда Кордова астанаға айналғаннан бастап дами бастады. Өйткені Андалусиялық сұлтандар мен түрлі иелік әміршілері әдебиетшілер мен ақындарға, ғалымдар мен қара сөз зергерлеріне, жезтаңдай әншілер мен бишілерге барынша ықылас қойып қамқорлық жасай бастады. Міне осы кезеңнің танымал ақындарының бірі Әбу-л Қасым Мухаммад ибн Хани әл-Андалуси. 938 жылы Севилья қаласында дүниеге келген ибн Хани ерекше, нәзік, ойлы өлеңдерімен танылып Севилья әмірлерінің сарай ақыны болады.

«Ақын өмірі мен творчествосын көп зерттеген араб ғалымдары оны әдетте Андалусияның «әл-Мутанаббиді» деп атайды. Өйткені ибн Хани аталған ақын творчествосына жиі еліктеген. Алпысқа жуық қасыдаларының ой оралымдары мен образдары, суреттеулері мен сипаттаулары әл-Мутанабби өлеңдерімен орайлас келеді (5, 168 бет)

И.Ю.Крачковскийдің пікірі бойынша, әл-Мутанабби (915-965) араб тілінде өлең жазған ең көрнекті ақындардың бірі. [6, 66-67 б]

Ибн Хани ойлы шығармашылығынан бір үзінді келтірсек:

أوما ترى الدنيا وجامع حُسْنُهَا  
صُغرى لديه وهي يعظمُ شانها  
لولا الذي قُنِنَتْ به لاستعْبَرَتْ  
تكلَى تَفُضُّ ضُلُوعَهَا أشجانها

Қазақша мағыналық аудармасы:  
*Байқамасаң көркемдікті, дүниені,  
Қысқа ғой ол, ұлы оның істері  
Елжіретіп, тамсандырып көрмесе  
Қасірет қой, көкірегіңнің өлгені.*

Әбу-л Қасым Мухаммад ибн Хани әл-Андалуси Андалусия әдебиетінің жарқын жұлдыздарының бірі, шығармашылығы әлем әдебиетіне өшпес із қалдырған тұлға.

**Жоғарыда айтқанымыздай, Андалусия халқы бірнеше тілде, яғни араб және жергілікті диалектілерде сөйлеген. Бұл тенденция әдебиетке әсер етпей қоймаған.** Проза мен поэзия Омейяд халифаты кезеңіндегідей араб тілінде жазылды. X – XI ғасырларда дамыған араб-роман поэзиясы осының айғағы. Аталмыш поэзияның негізгі бөлігі араб тілінде, тек соңы (харджа) көбіне роман тілінде жазылған. [2, 110 б]

Мосарабтық харджаға мысал ретінде ақын Иегуда Галевидің мына өлеңін мысалға келтірсек болады:

*Vayse meu corachón de mib.  
Ya Rab, ¿si me tornarád?  
¡Tan mal meu doler li-l-habib!  
Enfermo yed, ¿cuánd sanarád?*

Қазақ тіліндегі мағыналық аудармасы:

*Енді маған тиесілі емес жүрегім,  
Мен қайтадан тыныштық таба аламын? Құдайым!  
Қалай аңсаймын сүйгенім  
Қашан бітер екен сағынышым?*

X ғасырдың екінші жартысы ғылым-білім, өнер мен мәдениеттің гүлдену дәуірі болды. Еуропа Грек және Үндістанның ғылыми мұраларымен араб тіліне аудармаларының арқасында танысты. Негізгі мәдениет орталықтары Кордоба, Гранада және Севилья болды.

Әл-Андалус араб-мұсылман әлеміндегі ерекше аймақ болып саналары анық. Географиялық алшақтығы, түрлі мәдениет пен дін синтезі секілді түрлі аспектілер бұл аумақтың ғылым-білімде қалай дамып, өркендегенін білуге қызықтырары сөзсіз.

Әл-Андалус мәдениеті Шығыс, Батыс, жергілікті дәстүрлерден нәр алған өркениет. Этноәлеуметтік және конфессиялық плюрализм тіл мен әдебиеттің сантүрлі дамуына алып келді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Родригес А.М. Этнотерриториальный синтез мусульманско-афризийской цивилизации
2. Нечаева К. К. , Махортова В. А. Арабские лексические заимствования в португальском языке
3. Дьяков Н.Н. Арабская культура и арабистика в Испании: страницы истории и современность // Вестник СПУ, сер. 9, вып. 3, 2006
4. Садыхова А.А. Европейский мультикультурализм: из истории взаимодействия западноевропейской и арабо-мусульманской культур
5. Дербісалиев Ә. Араб әдебиеті: Классикалық дәуір: оқу құралы / - Алматы : Мектеп, 1982

6. Крачковский И. Ю. Ал-Мутанабби и Абу'ль Ала // Крачковский И. Ю. Избр. соч. Т. 2. Арабские средневековые художественные поэзия и проза. М.; Л.: Изд-во АН СССР, 1956. С. 66 — 67.
7. Halverson J.R. The Tariq ibn Ziyad Master Narrative